



Қазтай Махметқызы

Қазтай Махметқызы 1940 жылы қазан айының 23 жұлдызы күні Лебяжі ауданы, Бесқарағай асыл тұқымды қой совхозында кедей-шаруа отбасында дүниеге келді. Орта мектепті аяқтап, 1960 жылы Семей пединститутына түсіп, 1965 жылы тіл-әдебиет факультетін бітірді. Қазантай 8 жылдық мектебінен жолдама бойынша 1965 жылы Шарбақты орта мектебіне ауыстырылып неміс тілінен сабақ берді. Екінші мамандық бойынша 1974 жылы АПИИЯ неміс тілі және әдебиет факультетіне түсіп, сырттай оқып 1978 жылы аяқтады. 1965 жылдан 1994 жылға дейін Шарбақты орта мектебінде оқытушы болып, содан зейнеткерлікке шықты. Еңбек ардагері. 2007 жылы 11 қарашада дүниеден өтті.